

Мемлекет басшысы
Нұрсұлтан Назарбаев астық
жинау науқанының табысты
аяқталуына байланысты
еліміздің агроөнеркәсіп
кешені еңбеккерлеріне
құттықтау жолдады.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

15

ҚАЗАН
СЕНБІ

2016 жыл
№156-157 (19242-19243)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz

• ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЙЫНА ТARTY

**СЫР
ДИҚАНДАРЫНЫҢ
РЕКОРДТЫҚ
ӨНІМІ**
облыста күріштің әр
гектарынан
54,9 центнерден
өнім жиналды



«Қазақстанда жиын-терін науқаны аяқталып келеді. Бұл – ауыл еңбеккерлері, агроөнеркәсіп кешені және бүкіл еліміз үшін азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейін айқын көрсететін аса маңызды оқиға.

Биылғы науқан нәтижесін Тәуелсіздіктің 25 жылдығына тамаша тарту деп бағалауға болады. Өйткені, бұл жолы жиналған астық мөлшері – осы кезеңдегі ең ірі жетістіктің бірі.

Астықтың жалпы көлемі 23 миллион тоннадан асты, бұл – былтырғыдан бір жарым еседей артық көрсеткіш.

Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарының дикандары 5 миллион тоннадан астам астық алды. Қарағанды облысында миллион тоннадан астам астық жиналып, бұрын-соңды болмаған көрсеткішке қол жеткізілді.

Ауыл шаруашылығы саласындағы өзге деңді дақылдар бойынша да жиын-терін науқанының нәтижелері көңіл қуанытып отыр. Қызылорда облысында күріштен рекордтық өнім алынды» – деп атап өтті Елбасы.

– Қызылордалық дикандар егін орағын аяқтады. Биыл Сыр дикандары күріштің әр гектарынан 54,9 центнер өнім жинап, ел қамбасына 439 769 тоннадан астам астық құйды. Бұл – тәуелсіздік жылдарындағы ең жоғары көрсеткіш. Соңғы төрт жылда облыс дикандары әр гектардан алатын өнім көлемін тұрақты арттырып келеді, – деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Бахыт Жаханов.

Аймағымыздағы көптеген шаруашылықтар дақылдың әр гектарынан 70 центнерден артық өнім жинады. Қармақшы ауданындағы “Достық-Жер-МК” және “Жаңақол” ЖШС гектар сайын 80-82 центнерден өнім алды. Ал аталған ауданның “Ақтөбе” АҚ бірқатар алқаптардан 90 центнерден Сыр салысын жинады. Дәл осындай жоғары көрсеткіштерге Сырдария мен Жалағаш аудандары да қол жеткізіп отыр. Қос ауданның дикандары гектарынан 75 центнерден артық өнім алды.

Негізгі дақыл күріштен 439769 тонна Сыр салысы жиналды. Атап өту қажет, өткен жылмен салыстырғанда күріш көлемі 3,8 мың гектарға кем болғанына қарамастан, жалпы өнім 16,2 мың тоннаға артық болды. Саланы мемлекеттік қолдау нәтижесінде күріш өндірісіне жаңа технологиялар енгізіліп, жоғары сортты тұқымдармен сапалы өнім алуға қол жеткізілуде.

Биылғы рекордтық көрсеткіш ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына толымды тарту болып отыр.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.



АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ КҮНДЕРІ

Елбасының тапсырмасына сәйкес аймақтар арасындағы кооперациялық байланыс нығая түсті. Өңіраралық сауда-экономикалық ынтымақтастықты арттыру мақсатында 13-15 қазан күндері Сыр жерінде Ақтөбе облысының күндері өткізілуде.

Кеше Қорқыт ата атындағы әуежайдан облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарбаев бастаған делегацияны күтіп алды. Салт-дәстүрмен қонақжайлылық танытқан қызылордалықтарға ақтөбеліктер ықыласы да ерекше. Жалпы, өңірлік әріптестікті, облыстармен екіжақты байланысты нығайту мақсатында ұйымдастырылған бұл шараның екі тарапқа да берері мол болмақ. Дана халқымызда “Бармасаң, келмесең, жат боласың” деген ғибратты сөз бар. Өңірлер арасындағы мұндай әріптестік сапарды қызылордалықтар жыл басында бастаған-ды. Енді, міне, ақтөбелік ағайындар облысымызға келіп отыр. Көршілес өңірлер арасындағы сауда-экономикалық байланыс осыдан кейін тіпті арта түспек. Айта кетейік, өңірлердің ықпалдастығын арттыруға бағытталған шара ел Тәуелсіздігінің ширек ғасырлық мерейтойы аясында ұйымдастырылды.

Байыпты байланыстар беки береді

Дана жұртымызда «Жақсыны көрмек үшін» деген қанатты сөз бар. Сондықтан меймандар назарына алдымен жақында пайдалануға берілген «Реміздер алаңы», мұнан соң ұлы өзенді бойлай салынған «Тәуелсіздік» даңғылы ұсынылды. «Реміздер алаңы» мен дария жағасындағы даңғыл жол қала күні мерекесі аясында ел игілігіне айналды. Екі аймақтың әкімі «Реміздер алаңы» аллеясына ағаш отырғызды.

Мұнан соң делегация құрылысы бітуде жатыр өзен үстінен салынып жатқан көпірге де аялдады. Себебі бұл – Сырдарияның сол жағалауында бой көтеретін, таяу болашақта 90 мың халық қоныс тебетін жаңа қаламен байланыстыратын көпір. Соңғы жылдары Сыр өңірі серпінді даму жолында. Мұнда табиғи өсім де жоғары. Міне, осы ретте сол жағалауға бастайтын ауқымды жобаның өмірлік қажеттілігі басым.

Қадірлі қонақтар облыс орталығындағы тарихи-өлкетану мұражайында болды. Сонымен қатар, қала күні мерекесінде пайдалануға берілген, «Өңірлерді дамыту - 2020» бағдарламасы аясында «Бөйтерек де-велопмент» акционерлік қоғамының қолдауымен салынған «Сәулет» шағын ауданындағы 350 пәтерлік көпқабатты жеті тұрғын үйге де ат басын бұрды. Айта кетейік, облыс орталығында соңғы 3 жылда 11 жаңа шағын аудан бой көтерді. Ал биылдың өзінде 80 көпқабатты тұрғын үй салынуда. Сыр өңіріндегі жан жадыратар жағымды осы жаңалықтар меймандарымыздың көңілін тасытты.

Қызылордада өтіп жатқан Ақтөбе облысының күндері аясында Облыстық мекемелер үйінде ақтөбелік делегация алдымен ситуациялық орталықтың жұмысымен және Сырдария өзенінің сол жағалауын игеру жобасымен танысты. Сонан соң екі облыстың басшылары өңіраралық әріптестікті нығайту туралы жиын өткізіп, Қызылорда облысы әкімдігі мен Ақтөбе облысының әкімдігі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Жиынды ашқан облыс әкімі Қырымбек Көшербаев өңіраралық әріптестікті нығайтудың маңызына тоқталды және Сыр өңірінің әлеуметтік, экономикалық дамуы бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде айтты.

– Күрметті Бердібек Мәшбекұлы, қадірлі ақтөбелік әріптестер! Қазақтың жақсысы мен жайсаңдарын риза қылған, Елбасы «Алаштың анасына» балаған Сыр еліне қош келдіңіздер! Сыр өңірі Қорқыт бабамыздың, Әйтеке бидің, Жалантөс, Жанқожа батырлардың, Алаш қайраткері Мұстафа Шоқайдың, Ақын Нұртуғанның, Әбілда мен Нартайдың, Әбдіжәміл мен Қалтайдың туған өлкесі. Тәуелсіз Қазақстанның қарыштап дамуына зор үлес қосқан Елбасының сенімді серіктерінің бірі

Бердібек Мәшбекұлы да осы өңірдің тумасы. Сондықтан туған жерге қош келдіңіз. Осындай киелі мекенге ат басын бұрған ақтөбелік әріптестерімізге де қош келікті, табысты, берекелі болсын дейміз. Бүгінгі басқосу – Сыр елі мен Ақтөбенің бүгінін баянда, ертеңін өңселі, келешегін кемел ету жолында маңызды кездесу деп есептеймін.

Өздеріңіз білетіндей, Мемлекет басшысы өңіраралық кооперациялар құрып, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани қарым-қатынасты күшейтуді, өзара тиімді серіктестікті одан әрі нығайтуды тапсырды. Міне, Елбасы тапсырмасына сәйкес, бүгін Сыр төрінде достық, адал ниеттестік рухы Ақтөбе мен Қызылорда өңірлерінің екі жақты ынтымақтастық байланысын нығайту үшін бас қосып отырмыз. Екі облыс арасындағы өңіраралық кооперацияларды дамыту шаралары наурыз айында басталып та кетті. Біздің облыстан

ев қонақжайлылық танытып, құшақ жая қарсы алған қызылордалықтарға алғысын айтып, өңіраралық әріптестік бағытында екі облыс арасында бірқатар ауқымды жұмыстардың атқарылатынын айтты және Ақтөбе облысының даму барысына тоқталды.

– Күрметті Қырымбек Елеуұлы, қадірлі жерлестер! Ақтөбеліктер атынан сіздерге шақырғандарыңызға, көрсетіп жатқан сый-құрметтеріңізге алғысымды айтамын. Ақтөбе мен Қызылорда облысы ғасырлар бойынан келе жатқан араласып, құраласып жүрген көрші өңірлер. Ендігі міндет сол ата-бабамыздан байланысты нығайтып, Елбасы тапсырған өңіраралық кооперацияны дамытуымыз керек. Қазіргі экономикалық дағдарыс кезінде ең бір керек нәрсе ол – мемлекеттің ішіндегі аймақтардың бір-бірімен араласуы. Яғни, сырттан келген импорттық өнімдерді азайтып, өзіміздің жерлестеріміздің шығарып

атқарылған жұмыстар жөнінде баяндады.

Сонында екі облыс басшылары Қызылорда мен Ақтөбе облыстары арасында өңіраралық кооперацияны дамыту туралы ынтымақтастық меморандумына қол қойды.

Өңірімізге келген меймандар алдымен аудандарда болып, тыныс-тіршілігімен танысқан болатын. Мұнан кейін қала орталығындағы бірқатар нысандарды аралады. Осы орайда қаладағы «Арай» ойын-сауық кешені паркінің алаңында Ақтөбе қалалық техникалық шығармашылық орталығы оқушыларының кеме және ұшақ үлгілерінің көрмесі өтті.

Шараға қатысқан облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарбаев жас өнерпақыштардың кемелері мен ұшақтарының уәде қалықтағанын және

орталықтың маманы Константин Филипенко жас өнерпақыштардың шығармашылығы мен жетістіктері жайлы кеңінен әңгімеледі. Соның ішінде 8-сынып оқушысы Алина Филипенко 6 жылдан бері осы орталықта өзінің кеме, қайық жасау жобаларын жүзеге асырып келеді. Ол осы көрмеде қайықтың үлгісін және оның суда қалай жүзетінін көрсетті.

Көрмеде Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарбаев қалалық техникалық шығармашылық орталығының жұмысы көңіл қуантарлық екенін айта келе, жас өнерпақыштардың жеткен жетістігі аз емес екеніне тоқталды. Сонымен бірге олар халықаралық ірі байқауларда топ жарып жүр.

Шара соңында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарбаев жас өнерпақыштардың еңбегін жоғары бағалап, алғысын білдірді.

Аймақтағы Ақтөбе облысының күндеріне орай батыстық кәсіпкерлердің қатысуымен өңірлік кәсіпкерлер палатасында семинар-кеңес өткізілді.

Кәсіпкерлік көкжиегі кеңейіп, халқының көбі ынақасын жеке кәсіптен тауып жүрген Сыр өңірінде сала бойынша атқарылған шаруаның ауқымы кең. Түрлі мемлекеттік бағдарламалар бойынша ел азаматтарына көрсетіліп жатқан жеңілдіктердің де салмағы басым. Қызылорда өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры Ғалымбек Жақсылықов жиналған аймақ дамуындағы кәсіпкерліктің рөлі жайлы сөз қозғады. Айталық, облыста қарқын алған «Микробизнес Қызылорда» пилоттық жобасының негізінде ауыл азаматтарына үлкен жеңілдіктер жасалуда.

Сыр өңіріндегі кәсіпкерліктің даму қарқынына көз жеткізген батыстық қонақтар аймақаралық әріптестікті нығайтуды мақсат еткен ұсыныстарын да жеткізді. Мәселен, техниканың түр-түрі, өрт сөндіру жабдықтары, құрылыс материалдары, газоблоктар мен бағдарламалар Ақтөбе зауытынан республиканың түкпір-түкпіріне жол тартады. Сондай-ақ, IT-технологияның Ақтөбедегі дамуы да ерекше.

Семинар-кеңес қорытындысымен екі облыс арасында меморандумға қол қойылды. Қос облыстың сала басшылары әріптестік байланыстың әрі қарай нығая жолындағы жұмыстар жалғасын табатынын жеткізді.

Ақтөбе облысының Қызылордадағы күндері аясында батыстан келген жас өнерпаздар Сыр жұртшылығын қуанышқа бөледі. А.Токмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде өткен концерттік шарада Ақтөбе облысынан 25 өнерпаздан құралған студенттер театры елдегі ақуалды мәселелерді тақырып тиегіне айналдырып, бірнеше қойылым сахналады.

2-бет



күріш, балық, ас тұзы, шұбат, шұжық және бау-бақша өнімдері ақтөбеліктерге ұсынылды. Өз кезегінде ақтөбеден бізге құрылыс материалдары, асыл тұқымды мал жеткізілді, – дей келе, аймақ басшысы Қ.Көшербаев облыстың даму барысына тоқталды.

– Елбасы «Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерді бір ғана Қызылорда облысынан көруге болады» деп атап өткен болатын. Басқа салаларды айтпағанның өзінде, соңғы 2 жылда Қызылорда облысында құрылыс көлемі 3,5 есе, облыс орталығында 8 есе өсті. Үш жылда тек қызылордада 11 шағын аудан бой көтеріп, 7 мыңға жуық отбасы жаңа пәтерге ие болды. Кезекте тұрғандардың 28 пайызы жаңа қоныстың тойын тойлады. Қалада биылғы жылдың өзінде 4030 пәтерді құрайтын 80 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы салынуда, – деп атап өтті аймақ басшысы.

Кездесуде сөз алған Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарба-

ев жеткізілген бағада ақтөбеліктерге ұсынылып жатыр. Бүгінде Ақтөбе халқы қызылордалықтардың өнімдеріне үйреніп қалды. Әсіресе, күріш, тұз, балыққа сұраныс көп. Осы кездесуде сіздерге үлкен рахметімді айтамын. Алдағы уақытта да екі облыс арасындағы байланыс нығая береді деп ойлаймын. Келешекті ойласақ, бір-бірімізге осылайша көмектесуіміз керек, бір-бірімізбен қоян-қолтық жұмыс жасауымыз керек деп ойлаймын, – дей келе, Бердібек Мәшбекұлы Ақтөбе облысының даму барысы туралы айтты.

Кездесу барысында сонымен бірге Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Мұхтар Жұмағазиев пен Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов меморандум аясында

суда жүзгенін тамашалады.

Осы ретте облыстық білім басқармасының басшысы Бақытжан Сайлыбаев Ақтөбе облысынан келген оқушылар түске дейін Оқушылар сарайында болып, картинг үйірмесінің жұмысын көріп, біздің шәкірттермен бірлесіп шеберлік сабағын өткізгенін айтты. Шеберлік сабағы картинг және робот технологиясына байланысты өрбіген. Сонымен қатар алдағы жоспар бойынша Қызылорда да жас өнерпақыштар орталығын құруды көздеп отырғанын жеткізді. Бұл іске Ақтөбе қалалық техникалық шығармашылық орталығының мамандары көмектесетінін де тілге тиек етті. Сондай-ақ, Қазалы ауданындағы көлік техникалық колледжі мен Ақтөбе теміржол техникалық колледжі арасында жасалған меморандумға қол қойылғанын, енді алдағы уақытта бірлесе жемісті жұмыстар атқаратынын да атады.

Ал, шараға қатысқан аталған

БАЙЫПТЫ БАЙЛАНЫСТАР БЕКИ БЕРЕДІ

Тұрмысқа шыға сала күйеуінен астына шетелдік көлік, басына заманауи коттедж талап ететін кейбір келіндер мен зәулім сарайға енесін сыйдырмайтындардың жағымсыз әрекеттерін сынап, отбасын құрудағы бақыттың кілтіні қойылым арқылы көрсеткен театр ұжымы қазақтың қазақтығы мен азаттығын танытатын асқақ үнімен қоса келді. Батыстың беткеуістарына айналған С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті мен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеттері студенттерінен құралған «Алаш», «Тұмар» студенттер театры жас та болса, өнер әлеміне өздерінің тың

бастамаларымен келген. — Біз мұнда «Мен — қазақтың» және «Өмір жайлы» қойылымдарын сахналадық. Алғашқы қойылымда рухы асқақ, мерейі үстем қазақ халқының батыр-баһадүрлер мен ұлтжанды ұлылардан кенде қалмағанын көрсеткіміз келді. Ал «Өмір жайлы» қойылымында бүгінгі қоғамның басты мәселелерінің бірі — ажырасу мәселесін қауадық, — дейді қос театрдың жетекшісі Артур Әзімов. Жастар театры арасындағы республикалық, халықаралық фестивалдардан топ жарып жүрген студенттер театры артистерінің қатарына жақында ғана

енген Ғалымжан Ернарзов бүгін алғашқы ролдерінің бірін сахналайды. «Мен — қазақтың» қойылымында өзін көрсеткен ол әртістік өнердің қиын екенін жеткізді. «Театрда өнер көрсету, әрине, қиын. Дегенмен, біз осы салаға деген құштарлығымыз бен махаббатымыз арқылы қиындықтарға төтеп беруді үйреніп келеміз», — деді ол бізбен әңгімесінде.

Шара барысында өнерпаздар көрермендерді жігерлендіріп, ұлттық рухты паш ететін ұлтжандылық тақырыбындағы әндерін шырқады. Батырлардың ұрпағы екенін мақтан еткен өнерпаздардың кейбірі зілтемірді тісімен көтерсе, енді бірі сым темірді жалаң қолымен майыстырып, көрермен ықыласына бөледі.

Қызылорда облысындағы Ақтөбе күндері аясында «Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда іскерлік тәжірибе алмасу» семинары ұйымдастырылды.

Семинар аясында мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырушы Қызылорда және Ақтөбе облыстарындағы жастар ресурстық орталықтары өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Сонымен қатар облыстық ішкі саясат басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің директоры Жасұлан Алдабергенов қонақтарды атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырып, алдағы уақытта бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

— «Жастар ресурстық орталығы» КММ-сі Қызылорда облысының жастар арасында жұмыссыздық деңгейін төмендету және НЕЕТ санатына жататын жастармен жұмыс жасау жөніндегі салааралық іс-қимыл жо-спарына сәйкес біршама жұмыс атқарып келеді. Орталық тарапынан есепті кезеңде 810-ға жуық шара ұйымдастырылды. Сонымен қатар «Жұмыспен қамту - 2020» жол картасы бағдарламасы аясында 800-ге жуық жас жұмыспен қамтылып, «Жас құрылысшылар» еңбек жасағы арқылы 17 мекемеге 282 жас жұмысқа жіберілді. Се-

минар барысында екі жақтың жұмыс істеу процесінің ұқсастығына көз жеткіздік. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, алдағы уақытта да бірлесіп жұмыс жасайтынымызға сенім білдіремін, — деді Ж.Алдабергенов.

«Алтын аймақ Ақтөбеден — шежірелі Сыр еліне». Достығы бекемделе, өрісі кеңейе түскен қос облыстың құрметіне қойылған мерекелік концерт осылай аталды. Ақтөбелік талантты өнерпаздардың әсем әнін, күмбірлеген күйін тыңдап, әсем бишілерінің өнеріне куә болған сырбойылықтар үлкен әсерге бөленіп, зор қошемет көрсетті. Мерекелік концертті көпшілікпен бірге Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарбаев пен Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев та тамашалады.

Кеш шымылдығы бишілер биімен ашылып, Ахмет Жұбанов атындағы ұлт аспаптар оркестрінің «Тойбастары-

мен» жалғасын тапты. Дәурен Ғылымов жетекшілік ететін ұжым биік талғам мен талап үйлескен өзге туындыларды да көрермен назарына ұсынып, елдің ыстық ықыласына бөленді. Кеште бұдбұл дауысты Светлана Айтбаева, Есенгелді Ырза, Гүлжан Жұбанышова ән шырқады. Сондай-ақ, Жайлау Асылханұлы қазақтың қасиетті қара домбырасынан күй төксе, камералық хор оркестрі «Қарлығаш» әнін қалықтатты. Сырда туып, қырда өнер көрсетіп жүрген, ұлттық өнер тарландары, жерлестеріміз Құралай Әленова, Демей Жолымбетов, Өмірқұл Айниязовтар күміс көмейден терме төгіп, жырдаң шашу шашты. Концертте Сыр еліне арналған әсем ән де орындалды. Жадыра Арыстанова құлақтан кіріп бойды алар «Сыр судуы» шырқады.

Кеш соңында қос аймақ басшыларының атнан ықылас гүлі сахнаға қойылып, «Атамекен» әні орындалды.

«Сыр бойының» тілшілер тобы.



Ақтөбе облысының Сыр өңіріндегі күндері 13 қазан, бейсенбі күні таңертең Арал ауданынан басталды.

Мәртебелі меймандарды аудан әкімі Абзал Мұхимов күтіп алды. Ақтөбеліктердің ақжолтай сәлемін ала келген ағайынға Сыр мақамын насихаттап жүрген Есейіт Әлиев өз арнауын жеткізді. Мұнан соң Ақтөбе облысына қарасты 12 ауданның әкімі мен бірқатар басқарма басшыларынан құралған делегация өңірдің тыныс-тіршілігімен танысты. Көрші облыстан келген қалірілі меймандар аудан орталығындағы Рәміздер алаңы, Ө.Нұрпейісов

стырды. Делегация мүшелері аталған орталықтың жұмысына жоғары баға беріп, тәжірибе алмасатындарын жеткізді.

— Елбасымыздың өңіраралық бірлестікті дамыту мақсатында Қызылорда облысының білім басқармасымен бірлесіп, үстіміздегі жылдың қыс мезгілінде меморандумға қол қойдық. Меморандумның негізгі мақсаты — қос өңірдің тәжірибе алмасуы арқылы үлкен жетістіктерге қол жету. Бүгін Сыр өңірінде орналасқан осындай сауықтыру орталығының жұмысымен танысып жатырмыз. Біздің өңірде де облыс басшысы Бердібек

білім беру және мамандар даярлау саласындағы серіктестік ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Меморандум мақсаты техникалық және кәсіптік білім беру, перспективтік жобаларды дамыту саласындағы тараптар ынтымақтастығы, білім беру бағдарламасындағы өзара әрекеттестік, оқытушылар және студенттермен тәжірибе алмасу, аймақтағы инновациялық ынтымақтастық бағыттарын қамтиты.

Қазалы көлік-техникалық колледжі 1929 жылдан бері теміржол саласына білікті мамандарды даярлап келеді. Бір ғасырға жуық тарихы бар колледжі қазіргі таңда еңбек нарығына қажетті 11 мамандық бойынша кәсіби білікті мамандар дайындауда. Ұжымда 120 инженер-педагог еңбек етеді. Бүгінде мемлекеттік тапсырыс негізінде 706 оқушы білім алууда. Мамандықты оқытуға арналған 36 оқу кабинеті, оның ішінде 24 арнаулы пән, 12 жалпы білім беретін пән кабинеттері, 6 шеберхана, 4 зертхана және 3 полигон, 150 орынды клуб, 100 орындық асхана, 100 орынды жатақхана, кітапхана, оқу-жаттығу залы және жылыжай жұмыс жасайды.

Аталған жоба аясында өндірістік оқу құралдарын бірге пайдалану үшін «Ақтөбе көлік, коммуникация және жана технологиялар колледжі» ұжымымен екі жылдан бері әріптестік қарым-қатынас орнатып келеді.

Тарихи тұлғаларға бай өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқан меймандар аудан әкімінің жүйелі жұмыстарына оң баға беріп, барлық сала бойынша аймақта ілгерілеушілік байқалатынын жеткізді. Мұнан соң делегация мүшелері Байқоңыр қаласына барып ғарыш айлағында орналасқан музейдің жұмысымен, онда сақталған көне құралдармен танысты.

Жер кіндігі — Байқоңырдың тарихы атағы әлемге мәшһүр сандақтардың есімімен тығыз байланысты. Олардың тынымсыз ғылыми ізденістерінің нәтижесінде ең алғаш ғарышқа Юрий Гагарин көтерілген болатын. Мұражайда осынау адамзат баласы жетістігінің қалыптасу тарихы толыққанды қамтылған. Аталған тарихи-мәдени орын академик, зымыран-ғарыш жүйелерінің бас конструкторы С.П.Королев пен полигон басшысы К.В.Герчиктің

бастамасымен жүзеге асқан. Онда жеті зал бар. Төрт зал ғарыш айлағының құрылуы мен даму тарихынан сыр шерте, екеуі ғарыш айлағы аумағындағы халықаралық ынтымақтастыққа арналған. Ал, экспозициялық зал ғарыш саласындағы мекемелер туралы ақпараттан хабардар етеді. Мұражай директоры барлық залдағы мәліметтерді таныстырып, тың деректермен бөлісті. Оның айтуынша, бүгінгі таңда мұражайда он мыңнан аса экспонат орналасқан.

Ғарыш мұражайымен танысқан мәртебелі меймандар келесі күні Қармақшы ауданына жол жүріп, Қорқыт ата мемориалдық кешеніне барды. Тұтас түркі жұртына ортақ тұлға Қорқыт бабаның кешені бүгінде қайта жаңғыртудан өткен. Осыдан екі жыл бұрын қолға алынған құрылыс кешенінің биіктігін 2,7 метрге көтерді. Сонымен қатар, жаңу жүргізілген алғашқы кешенітіліп, кіреберісіне «Қасиетті арқар» мүсіні қойылды. Бүгінде дәулетті елдің сәулетін асырған киелі жер күлді түркітілдес елдердің орталығына, тағым етер қасиетті мекенге айналды. Алдымен кешендегі мұражай жұмысымен танысқан қонақтарға аудан әкімі Сұлтан Мақашов бұл өңірдің тарихи және киелі мекен екенін жеткізді. Оғыздардың астанасы Жанкент, Сақтардың астанасы Шірік-рабат секілді қалалар бой көтеріп, тарихымыз ұлт пен ұлысқа қорған болған жәдігерлерден тұратынын айтты. Мәдени кешенің ғимаратымен танысқан делегация мүшелері Қорқыт бабаның рухына құран бағыштады. Зиярат ету орталығының жұмысына қаныққан меймандар Қармақшы ауданындағы бірқатар тарихи ескерткіштермен танысты. Сондай-ақ, ақтөбелік делегация Сырдария ауданына қарасты Нағи Ілиясов ауылында болды. Ауылда атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарды аудан әкімі Ганибек Қазантаев таныстырды.

Жыл сайын абааттанған ауылдағы әлеуметтік нысандарды жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін, сондай-ақ, көркейткіп-қоғалдандыруға 40-50 млн теңгедей қаржы жұмсалды. Сондай-ақ, ауылды қоғалдандыру мен өсірілген гүлдерді баптау жұмыстары 40 шақты қызметкерге жүктелген.

Меймандар ауылдағы мәдениет үйін, былтыр пайдалануға берілген мешіт пен спорттық кешенді тамашалады. Жасыл желекке оранған елді мекеннің көркіне, қалаға ұқсас сәулетіне таңданысқан ақтөбеліктер ауылдағы атқарылған ілкімді істерге риза болды.

Нағи атындағы ауылдың биылғы басты жаңалығы — «Мағжан и К» шаруашылығы өз қызметкерлеріне тұрғын үй салып беруді бастаған. Шаруашылық жыл сайын 20 шақты үйді тұрғызуды жо-спарлап отыр. Сондай-ақ, биыл ауылдық әкімдік ғимаратының құрылысына да кірісеп.

Жалпы, дәулеті мен сәулеті келіскен ауыл ақтөбеліктерді үлкен әсерге бөледі.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.



атындағы әдебиет үйі, Мәңгілік алау мен аймақтың мақтанышына айналған перзенттері Төлеген Медетбаев пен Зейнолла Шүкірөвтің ескерткіштерімен танысты.

Мұнан соң делегация мүшелері Қамбаш көлінің жағасында орналасқан «Қамбаш балаларды сауықтыру және қосымша білім беру орталығында» болды. Аталған орталықтың ілкімді істерімен танысқан ақтөбеліктер мұндағы атқарылып жатқан жұмыстарға жоғары баға берді.


«Қамбаш балаларды сауықтыру және қосымша білім беру орталығы» өткен жылдан бастап жұмыс жасайды. Жаз мезгілінде 7 ауысым бойынша қызмет көрсететін орталықта балалардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында әр түрлі бағытта үйірмелер ұйымдастырылған. Сонымен қатар, білім сапасын жақсарту мақсатында оқушыларды ҰБТ-ға дайындау жұмысы да бір жүйеге қойылды. Мұндағы мамандар бұл жұмыстардың жақсы нәтиже беріп жатқанын жеткізді. Аталған орталықта мектеп бітіруші түлектер төрт негізгі пән және бесінші таңдау пәні бойынша тереңдетіп білім алады. Сонымен қатар, балаларға орталықтың тәлімгерлері тәрбиелік іс-шара жұмыстарын жүргізеді. Мынанда барлық жағдай жасалған. Жатын болмаса, емдеу-профилактикалық корпусы мен асханасы бар. «Қамбаш балаларды сауықтыру және қосымша білім беру орталығында» болған мәртебелі меймандарға облыстық білім басқармасының басшысы Бақытжан Сайлыбаев аймақтағы білім саласын дамыту жолында атқарылып жатқан жұмыстармен таны-

Сапарбаевтың бастамасымен осындай орталық ашу жоспарымызда бар. Алдағы уақытта біз осында көрген, жинаған тәжірибемізді өңірімізде ашылатын орталықтың жұмысына да енгізуді қолға аламыз. Бізді әсіресе орталықтың балаларды ҰБТ-ға дайындау жұмысы қызықтырып отыр, — дейді Ақтөбе облысы білім басқармасының басшысы Райхан Нұрқожаева.

Арал ауданында атқарылған ауқымды жұмыстардың куәсі болған делегация мүшелері Қазалы ауданына барып, аймақтың тыныс-тіршілігімен танысты. Алдымен аудан орталығындағы саябақта болған ақтөбеліктер мәдениет үйі қызметкерлерінің дайындаған концертін тамашалады. Мұнан соң оларды Қазалы ауданының әкімі Нәжмаддин Шамұратов бірқатар әлеуметтік нысандардың жұмысымен таныстырды. Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында өңірде ауқымды істер қолға алынған. Аудан орталығындағы бірқатар көшелерге жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, имандылық үйінің де құрылысы аяқталуда жақын. Аудан әкімі Н.Шамұратов делегация мүшелерін 29-30 қазан күндері Қазалы ауданында өтетін ауқымды мерекеге шақырды.

Көрші облыстан келген қонақтар Қазалы көлік-техникалық колледжінде жұмысшы және орта буынды мамандықтарды даярлау тәжірибесімен танысты. Сондай-ақ, қазіргі заман талабына сай, ортақ мамандар даярлауда мүддесі бір болған іргелі ұжыммен Ақтөбе көлік, коммуникация және жана технологиялар колледжі арасында кәсіптік

Колледж ұжымы 2015 жылы Бүкіләлемдік банк қарызы есебінен қаржыландырылатын «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту» Жобасына қатысып, 57 млн теңгені құрайтын грант иегері атанды. Қазақстан Республикасы Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы «Техникалық және кәсіптік білімді жаңғырту» жобасына қатысқан колледж ұжымы оқу-өндірістік құралдар мен мультимедиялық құрылғыларды жанадан толықтырды. Инженер-педагогтар Франция, Германия, Чехия, Ресей, Белоруссия мемлекеттерінде халықаралық деңгейде білімдерін жетілдірді.



ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ – 2015 жыл

● Президент

ҰЛТ ЖОСПАРЫ ҰЛЫ ІСТЕРДІҢ БАСТАУЫ



Кезектен тыс президенттік сайлауда жеңіске жеткен Нұрсұлтан Назарбаев 29 сәуірде Қазақстан Президенті лауазымына ресми кірісу рәсімінде сөз сөйледі.

Қымбатты отандастар!
26 сәуір еліміз үшін тағы бір тарихи, тағдырлы күн болды. Президент сайлауы Қазақстан халқының кемеңгерлігін бүкіл әлемге паш етті. Ел бірлігіне беріктігі мен кемел келешекке сенімін танытты. Мәңгілік Елдің мызғымас ұстындарына адалдығын көрсетті. Бұл таңдау – жарқын болашаққа қадам басқан Қазақстанның таңдауы! Бірлігін берекеге ұластырып, ұлы істер жолында ұйысқан барша халықтың бірі! Өзінің, ұрпағының болашағын қасиетті Отанымыз – Қазақстанмен бірге көретін әрбір азаматтың ерік-жігері!

Бүгінгі мерейлі сәтте маған берілген сенім маңдаты – мемлекетімізді нығайту жолындағы қыруар істеріміздің бағасы! Қазақстанды ең қуатты елдердің қатарына қосуды көздейтін ұлы мақсатқа берілген халқымыз ақ батасы! “Мәңгілік Ел” ұлттық идеясы мен “Қазақстан – 2050” Стратегиясына, “Нұрлы жол” бағдарламасы мен “Бес халықтық реформаға” еліміздің білдірген қолдауы.

Өмірің халқымыз бақыты жолына арнаған жаңға бұдан зор құрмет болмайды. Мен үшін ел сенімінен асқан мәртебе жоқ, сол сенімді ақтаудан артық бақыт жоқ. Сол себепті, мен Қазақстанның жарқын болашағы жолында қандай тәуекелге де дайынмын, – деді Елбасы. – Болып өткен

● Аймақ экономикасы

ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫМЕН БАЙЛАНЫС НЫҒАЙДЫ

Астана қаласында Қырымбек Көшербаев бастаған Қызылорда облысының делегациясы Азия даму банкінің өкілдерімен кездесті.

Басқосу барысында Азия даму банкі Қазақстан Республикасындағы өкілдігінің директоры Джинилин Янг қаржы институтының негізгі басымдықтарына тоқталды. Оның айтуынша, банктің несиелендіретін негізгі бағыттары мемлекеттік бағдарламалар, транспорттық инфрақұрылым, жеке сектор, шағын және орта бизнесті дамыту болып табылады.

Ал Қызылорда облысының әкімі К.Көшербаев өңірдің инвестициялық мүмкіндіктері жайлы тарата айтты. Банк өкілдеріне Сыр өңірінде өндірісті өркендетіп, инфрақұрылымды дамытуға болатынын жеткізді. Кездесу қорытындысында қос тарап әріптестік байланыс орнату мәселелерін талқылады.

ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ:

2012 жылмен салыстырғанда жан басына шаққанда өсім 3,6 есе!

Кез келген мемлекеттің экономикадағы нақты жағдайы көп жағдайда өңдеу өнеркәсібіндегі өсіммен өлшеніп, пішіледі. Бұл тұрғыдан алғанда, соңғы жылдары Сыр өнеркәсібінің өңдеу саласында едәуір ілгері басушылық байқалуда. Үстіміздегі жылдың алғашқы жартыжылдығында облыста өңдеу өнеркәсібі 12,2 млрд теңгенің өнімін өндірді. Облыстағы өңдеу өнеркәсібінің ең маңызды буыны тамақ өнімдерін өндіру болып табылады. 2015 жылдың алғашқы жарты жылдығында бұл саладағы өнімнің нақты көлем индексі 117,6 пайызды құрады. Аталған кезеңде күріш, йодталған тұз, мұнай өнімдерін өндіру едәуір артты.

Салыстырмалы деректер мынаны айқындап отыр. Үстіміздегі жылдың алғашқы жартыжылдығының қорытындысымен облыста бір адамға шаққанда өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі 9800 АҚШ долларын құрады. Сөйтіп, 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда өсім 47,5 пайызға артты. Бұл республикадағы бірінші көрсеткіш. Ал бұл көрсеткіш бойынша облыс 2012 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,6 есе өсімді қамтамасыз етіп отыр.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ



Қаладағы бұрынғы Ипподром аймағында 50 пәтерлік 6 тұрғын үй пайдалануға беріліп, баспаналы болғандар шаттыққа кенелді. Қызылордалықтардың қуанышына облыс әкімі мен “Бәйтерек” ҰБХ” АҚ басқарма төрағасы Қуандық Бишімбаев ортақтасты. Айта кетейік, осы күні облыс орталығында тағы 12 тұрғын үйдің іргетасы қаланды. Демек, жыл соңына дейін пәтер кезегінде тұрған мыңға жуық жан баспаналы болады деген сөз.

Нақты кезеңде облыс орталығында әсем тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар, әсіресе жана тұрғын үйлер көптеп салынууда. Бұл Сыр өңірінің болашағы зор, әлеуетінің қуатты екендігін көрсетеді. Осы орайда Елбасының “Нұрлы жол – болашаққа бастар жол” атты Жолдауынан туындаған басым бағыттардың бірі – “Нұрлы жол” экономикалық саясаты шеңберінде “Бәйтерек” холдингі жалға берілетін әлеуметтік тұрғын үйлердің құрылысын жоғары қарқынмен жүзеге асырып жатқанын айрықша атап өткеніміз жөн.

Президенттік сайлау біздің қоғам бірлігінің күшін нақты айғақтап берді. Мен біздің барша халқымызға ризамын!

Біз бүкіл әлемге халықтың бірлік күші мен берік топтасқандығын көрсеттік. Болып өткен сайлау тарихқа электораттық қатысу жөнінен халық ең көп қатысқан сайлау ретінде кіретін болады. Қазақстандықтар Отанға қызмет етуге шақырып, тағы бір мәрте маған үлкен сенім көрсетті. Біз бірге күрделі жолдан өттік: өзімізге сендік, Тәуелсіздік алдық, мемлекет құрдық, әлемге жаңа Қазақстанды таныттық, өзімізді біртұтас және ұлы ұлт ретінде таптық. Сіздердің сенімдеріңіз мені қашан да рухтандырып, сенімділік пен күш берді. Қазір мен, бұған дейінгі жылдардағыдай, барлық жауапкершілікпен халыққа адал қызмет ететінімді, еліміз бен барлық азаматтарымыздың игілігін сақтайтынымды, біздің жоғары жалпыұлттық мүдделерімізді қорғайтынымды айтқым келеді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Түркия Республикасының Президенті Реджеп Тайып Ердоғанмен кездесті. Кездесу барысында қазақ-түрік қарым-қатынасын одан әрі нығайту, байланыстардың кең ауқымы бойынша өзара ықпалдастықты арттыру мәселелері талқыланды. Екі елдің Мемлекет басшылары сауда-экономикалық, инвестициялық, өнеркәсіптік, көлік-транзиттік және мәдени-гуманитарлық салалардағы байланыстарды тереңдету жолдарын қарастырды. Мемлекет басшылары халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті жайттарды да қозғады.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Германияның Федералдық канцлері Ангела Меркельдің Берлиндегі келіссөздері барысында екіжақты экономикалық қарым-қатынасты жандандыру мәселелері, сондай-ақ Украинаның шығысындағы ахуалды Украина, Ресей, Германия және Франция басшыларының тауда Астанада өтуі ықтимал кездесуі аясында реттеу шаралары талқыланды.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың, Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенконың және Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің кездесуі болды. Мемлекет басшылары өзара сауданы және үш елдің экономикалық өзара ықпалдастығын арттыру мәселелерін қарастырды. Бұдан бөлек, президенттер әлемдік экономикадағы үрдістердің дамуын, сондай-ақ Украинадағы жағдайды талқылады.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі Жұмыс тобының төрағасы, Финляндияның елшісі Веса Химанен келіссөздер үдерісі барысында Қазақстан 50-ден аса жаңа заң қабылдап, 10 халықаралық келісімге түзету енгізгенін, олар Кенедік одақ пен Еуразиялық экономикалық одақ аясында қабылданғанын атап өтті.

– Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен және Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одақ бойынша серіктестермен тығыз байланыста жүргізілген заңнамалық бағыттағы прогресс біздің жұмысымызды соңғы жылы едәуір жеделдетуге мүмкіндік берді. Қазақстанның құжаттар топтамасы – бұл нарықтарға қол жеткізу мүмкіндіктерін жетілдіру ісіне қомақты үлес қосатын, ДСҰ-ны нығайтатын жоғары сапалы құжаттар, – деді В.Химанен.

ШЫНЫ ӨНДІРІСІ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ



Қызылорда қаласында көптен күткен шыны зауытының қазығы қағылып, құрылысы басталды. Бұл өндіріс Қызылорда қаласы, “Титов” шағын ауданында орналасқан индустриалдық аймақта бой көтеруде. Зауыт жылына 197 мың тоннадан астам табақша шыны шығармақ. Шыны өндірісіне қажетті шикізаттың 95 пайызы жергілікті жерден алынады.

Яғни, Арал ауданының кварц құмы, доламит пен әк тасы пайдаланылады. Тек сырттан келетін кальцийлендірілген сода шикізатын болашақта “Аралтұз” АҚ-мен біріге отырып өңірмізде өндіру жоспарлануда. Аралдың ақ құмы әлемге әйгілі. Өйткені, шыныға қажетті кварц өндіретін өзге өңірлердің арасында теңіз маңы құмының өзіндік ерекшелігі бар. Сондықтан оған сұраныс та жоғары. Өз елімізбен қатар Қырғызстан, Өзбекстан Республикаларының зауыттары шикізатты осы жерден алады. Арал құмының артықшылығы, ешқандай байытусыз 90 пайызы өндіріске жарамды.

Құрылысшылар зауыт қоймасының іргетасын құю жұмыстарын жүргізуде. Қойманың ұзындығы – 300 метр, ені – 150 метр. Қазіргі таңда 11 техника жұмылдырылып, 30-дан астам адам еңбек етіп жатыр. Құрылыс жұмысы ұлғайған кезде 200 адам жұмыс жасайтын болады. Ал зауыт толық іске қосылғанға тұрақты 300 жана жұмыс орны ашылмақ. Зауыт 2017 жылдың қазан айында іске қосылатын болады.

“Steward Engineers” компаниясы әлемдік шыны өндірісіндегі лидерлердің бірі саналады. Компанияның Қызылорда қаласында салып жатқан зауытында кәдімгі табақты шынылармен қатар лампрлендірілген (шытынамайтын), шыңдалған, энергия үнемдеуші шыны түрлері, сонымен қатар айна да шығарылады деп күтілуде.

МАЙДАНГЕРЛЕР МӘНГІ ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ

Жеңістің 70 жылдық мерекесіне орай А.Тоқмағанбетов атындағы 70 мыңнан аса жауынгер аттанса, оның 35 мыңы майдан қатысуымен “Ұмытылмас ерлік – өшпес даңқ” атты мәдени шара болып өтті. Шара “Өшпес ерлік” би қойылымынан бастау алды. Мұнан соң аймақ басшысы мерейлі жылда 90-95 жасқа толатын Қызылорда қаласының карт майдангерлерін мерекесмен құттықтады.

– Санаулы күндерден соң жер жүзінің халқы екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 70 жыл толуын салтанатты түрде атап өтеді. Адамзат тарихындағы ең қасіретті соғыс әділ жеңіспен аяқталды. Сондықтан да бұл жеңістің тарихи маңызы, өркениетті мәні аса зор. Алайда, бұл жеңіс оңайлықпен келмейді. Қан майданның қасіретін тартпаған, зұлымат күннің зауады жанына батпаған адам кемде-кем. Ат ауыздығымен су ішкен, ер етігімен қан кешкен соғысқа



әлем халқының 80 пайызы қатысты. Ал, біздің өңірден соғысқа 70 мыңнан аса жауынгер аттанса, оның 35 мыңы майдан қатысуымен “Ұмытылмас ерлік – өшпес даңқ” атты мәдени шара болып өтті. Шара “Өшпес ерлік” би қойылымынан бастау алды. Мұнан соң аймақ басшысы мерейлі жылда 90-95 жасқа толатын Қызылорда қаласының карт майдангерлерін мерекесмен құттықтады.

Алдақты ардагерлер, Ұлы Отан соғысында тарихи әділдік үшін жан қиюға дайын қаһарман халқымызды күлді әлемге танытқан қасіретті майдан болса, Ұлы Жеңіс Сіздердің еңбектеріңіз мәңгілікке сақтауға арналған қастерлі мереке. Бұл жеңіс болмаса, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан да болмас еді. Сондықтан да отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін, – деді аймақ басшысы. Қарияларға шапан жауып, Жеңістің 70 жылдық медалін табыстады.

ЕШКІМ ДЕ, ЕШНӨРСЕ ДЕ ҰМЫТЫЛМАҚ ЕМЕС!

Өткен жылдың басында облыс әкімінің өкімімен 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығын мерекелеуге дайындық және оны өткізу жөніндегі өңірлік ұйымдастыру комитеті құрылған еді. Мерекені ұйымдастыру комитетінің ұйытқы болуымен осы жылы аймағымызда игі шаралар атқарылды. Оның бәрі көпшіліктің көз алдында. Облыстық ардагерлер кеңесінің ұсынысымен жарық көрген “Қызылордалық қаһармандар” атты кітап соның бір жарқын көрінісі болып табылады.

Аталған жинақта сұрапыл соғыстан аман-есен оралып, бүгінде тоқсанның төріне шыққан карт майдангерлеріміздің кешегі соғыстағы ерліктері мен өмір жолы қамтылған. Белгілі қоғам қайраткері С.Шаухамановтың басқаруындағы аймақтық ардагерлер кеңесінің бастамасы облыс әкімдігінің қолдауымен жүзеге асырылған айта кетейік. Ерлік шежіресі іспетті кітапта Сыр өңірінен шыққан 22 батырдың өмірбаяны және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдық мерекесіне аман-есен жеткен облыстағы барлық соғысқа қатысушы майдангер тұрасындағы ақпарат құралдары өкілдерінің жыл бойы баспасөз бетінде жарияланған мақалалары топтастырылыпты. Бұған қоса жауынгерлердің ұрыс алаңынан жазған өлең хаттары мен әр жылдары түсірілген суреттер қоса берілген. Кітап соғыс ардагерлеріне сыйға тартылатын болады.



Өткен жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Сыр еліне сапары біз үшін үлкен қуаныш болды. Сонда Мемлекет басшысы «Арай-2» шағын ауданындағы пайдалануға берілген тұрғын үйлердің салтанатты шарасына қатысқан болатын. Ол кезде 520 баспана ел игілігіне берілген-ді. Ең қуаныштысы, Елбасы біздің жаңа үйімізде болып, қоныс тойымызға ортақтасты. Бұл біздің отбасы үшін ерекше сәт болды. Отағасы екеуміз де

білім саласының қызметкерлеріміз. Үйге кезекке тұрғанымызға 5 жыл болған еді. Үш баламыз және тағы бір сәбнімізді күтіп отырған едік. Балаларым да сол кезде ерекше қуанған болатын. Оларға Елбасы ақ батасын берді.

Қазір отбасымыз тағы бір жаңамен толықты. Өмірге шексіз тосықтай ұл бала келді. Үш қыздан кейін. Есімін ырымдап, Нұрсұлтан деп қойдық.

Жалпы, Сыр елінде соңғы жылдары құрылыс қарқынды жүргізілуде. Жаңа ғимараттар бой түзеіп, емхана, мектеп, балабақша секілді заман талабына сай жана нысандар көптеп салынууда. Қала келбеті күннен күнге көркейіп, адам танымастай келіпке енді.

Ең бастысы, баспана мәселесі біздің өңірде жүйелі шешіліп келеді. Осы ретте Елбасының бастамасымен қолға алынған «Қолжетімді баспана» секілді бағдарламалар әрбір отбасын қуанышқа бөледуі. Біз де сондай мүмкіндікке қол жеткізген бақытты отбасылардың біріміз.

Айзада БҰРХАНОВА,
«Арай-2» шағын ауданының тұрғыны.

ЕЛБАСЫ СЫР ЕЛІНДЕ БОЛДЫ

19 қазанда Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев жұмыс сапарымен Қызылордаға келді. Елбасын Қорқыт ата әуесжайынан облыс әкімі Қырымбек Көшербаев күтіп алды. Облыс орталығында Президент танысқан алғашқы нысан “Арай-2” шағын ауданындағы тұрғын үй кешені болды.



“Арай-2” шағын ауданындағы көпестерні тұрғын үйлер құрылысымен танысу барысында Елбасына қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев облыс орталығындағы құрылыс қарқыны туралы баяндады.

– Соңғы төрт жылда Қызылорда қаласында 85 мың шаршы метрді құрайтын 1460 пәтер салынған. Қала бойынша бүгінде 16 мыңнан астам азамат пәтер кезегінде тұр. Қолға алған жобалардың аясында осы тұрғындардың 17 пайызы жана тұрғын үймен қамтамасыз етілетін болады. Жыл басынан бері 420 пәтерді құрайтын 8 тұрғын үйді пайдалануға бердік. Ал бүгін өзіңіздің қатысуыңызбен салтанатты түрде “Бәйтерек” Ұлттық басқарушы холдингі салған 10 тұрғын үйді табыстағалы отырмыз, – деді қала әкімі.

Нұрсұлтан Назарбаев жана баспаналы қоныстанған тұрғындармен де кездесіп, емен жарқын дидарласты.

– Сіздердің жана қоныстарыңызға құтты болсын айтайын деп арнайы келдік. “Қолжетімді баспана – 2020” бағдарламасын бюджет қызметкерлері, оның ішінде мұғалімдер мен дәрігерлер баспана жағдайынан қиыншылық көрмесін деп арнайы қабылдадық. Аренадалық тұрғын үй деген түсінікті қалыптастырдық. Мысалы, тұрғындар пәтерді жалдағаны үшін басқа біреуге ақы төлемейді. Оның орнына болашақта өзінің меншігінде қалатын баспаналы ақша салады. Мұндай бағдарлама Қазақстаннан басқа еш жерде жоқ, – деп атап өткен Елбасы тұрғындарды қоныс тойымен құттықтап, отбасыларына амандық тіледі.

Сонан соң, жана баспаналы қол жеткізген №120 мектептің мұғалімі Жадыра Құсейінова Президентке алғысын білдірді.

Сонымен қатар, осы жерде Елбасы Сыр өңірінде атқарылып жатқан басқа да серпіңді жобалармен

жасақталған.

Отырып, шағын және орта бизнесті дамыту керек, – деді. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Елбасына бір ғана “Батыс Еуропа – Батыс Қытай” автодәлізінің бойында 33 нысанның салынып жатқанын, жалпы облыста шетелдік инвесторлардың есебінен 300 миллиард теңге көлемінде инвестиция тартылғанын жеткізді.

Елбасы жұмыс сапары барысында облыс орталығындағы “Жан Арай Жем” зауыты жұмысымен танысып, осы салада еңбек ететін кәсіпкерлермен кездесті.

Соңғы жылдары облыс көлемінде мал басының көбеюі өз кезегінде құрма жем зауытының қажеттілігін туғызды. Кәсіпорында қажетті шикізат – күрішті, бидайды, жүгеріне және құнбағысты жергілікті шаруашылықтар өсіреді.

– Бүгінде біз дағдарыстан қалай шығу керек деген мәселені жан-жақты саралауымыз. Біз қанша жылдан бері ауыл шаруашылығы саласына көмек беріп келеміз. Бұған дейін елде көптеп балабақшалар, мектептер, денсаулық сақтау нысандарын тұрғыздық. “Нұрлы жол” бағдарламасы бойынша жолдар салдық. Енді оларды сәл қоя тұрып, ауыл шаруашылығын дамытуға барынша ден қоямыз керек. Себебі, ауыл шаруашылығы дағдарыс кезінде де экономикамыз локомотиві болып қала береді. Осы орайда ауыл шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін арттыруға, сапасын жақсартуға, жана технологияларды енгізуге күш саламыз. Сырттан инвестиция тартуға жұмыс жасау керек. Өңдеу мәселесіне көңіл бөлетін кез келді. Қызылордада газ құбырлары жүргізілген, жол салынған, енді тек жұмыс жасау керек, – деді Елбасы сөзін түйіндеп келе. Және де Сыр дикандарының еңбегіне сәттілік тіледі.

● ӨНЕГЕ

САУДА САЛАСЫНЫҢ САРДАРЫ

Атадан текті туған дараларға, Ден қойдым, тәлім етіп бағалауға. Ұрпақтар ұқсап жатса арман бар ма, «Елім!» деп қош бастаған ағаларға!

Мен сонау 1980 жылдары, кеңестік кийін кезінде халықтың әул-ауқатын жақсартып, ел бірлігін сақтауда өзінің бар қабілет-қарымы, күш-жігерімен қош бастаған ерлерге арнап «Өрсеі биік ұл болар, ел ағасы кім болар?!» деп басталатын толғау жаздым. Ондағы ойым кейінгі ұрпақтарға үлгі болсын деген ниет еді. Сондай ғиыратты құмыр кешкен ардақты ағаларымыздың бірі Боқаев Тілес Қостайұлы екені дәуіс. Ол кешегі кеңестік заманда «сауда саласының сардары» атанып, Арал ауданының Құрметті азаматы, аймағымыздың сыйлы ақсаалы, дербес зейіткер дәрежесіне жеткен абзал жан.

Біз сан қырлы тағылымды абзал аға дегенде оның ел басқаруға лайық біліктілігін, заман ағымын пайымдар парасаттылығын, көп алдында көсемдігін, сөз бастауда шешендігін, яғни кішіге үлгі болар ағалығын, үлкенге демеу болар даналығын айтар едік. Асылы, ол туралы қызметтес, сырлас достары, жазушы-журналистер айтып та, жазып та жатыр ғой. Мен бүгін ағаның өзін ойға түйген кейбір оқшау сөттерің ғана сөз етпекпін.

Есімін өмір жұрты түгел кестерлеген әулие Аман бабаның ұрпағы Аманжол (Бокай атанып кеткен) атанып ұлы Қостай әкеміз де заманында біліктілігімен, діни сауаттылығымен үлкен-кішінің құрметіне бөленген кісі екен. Ал Тілес ағаның анасы өзінің тақуалығымен елге сыйлы болған Айтмағанбет ағаның қызы Шамша әкеміз де ораз-намазға түзу, әулетіне шапағаты мол аяулы апа болды.

Осындай тәлімді тектілерден шыққан тобымыз Тілес аға (ұлдан жалғыз) өзінің туа біткен қабілетімен, зерек ағыр ойымен, өмірдің түрлі ағыстарын, уақыт талабын ерте түсініп, ерте ержетті. Білімін көтеріп, еңбекке ерте араласып, елдің көзіне түсті. Әкеңіз, өзінің қалауымен елге сыйлы Қемат ақсақалдың қызы Ұлжанмен бас қосып, отау құрды. Ұзамай-ақ ата қонып, Арал аудандық партия Комитетінің бірінші хатшысы, қоғам қайраткері Тәкей Есеговтың ұсынысымен ауданның сұрауы мен бұрауы көп сан қырлы сауда саласының тізгінін нық ұстап, іскерлігімен ауданның мерейін көтерді.

Ол өзінің 40 жылдан астам жемісті еңбегінің 20 жылын басылулық қызметке арнады. Сол тұста Арал аудандық тұтынушылар одағының сан салаты озық жұмыс тәжірибесі бүкіл елімізге танылды. Соның нәтижесінде Тілекең тәлімді іскер башы ретінде Алматыда



Қазақстан тұтынушылар одағының, Мәскеуде КСРО тұтынушылар одағының съездеріне қатысып, зор мәртебеге ие болды.

Қазақта «Жаксының жаксылығын айт, нұры тасысын!» деген сөз бар. Сонау қилы кезеңде Арал ауданын басқарған Алашбай Баймырзаев өмір халқының алдында: «Кенес үкіметі ыдыраған кезде аудан халқының күйзеліске ұшырамай, тарықпай шықканы ертеңімізді ойлап, сауда қатарларын азық-түлік пен бақша өнімдеріне толтырып сақтаған іскер башы Тілес Боқаев деген абзал азаматтың ерен еңбегінің арқасы екен» - деп айтқаны әлі есімзде.

«Елім!» деп өскен ер болар, шыққан жері төр болар!» – деген сөзімді Тілес ағадай өз ісіне адал, әділетті башыға қарап айтқан едім. Соның бір нақты айғағы: 1970 жылдардың қиын кезеңдерінің бір күні Тілес аға қарын-дастары мен күйеу балаларын, туысқан аға-іншілерін үйіне арнайы шақырып, тарықпай шықканы ертеңімізді ойлап, сауда қатарларын азық-түлік пен бақша өнімдеріне толтырып сақтаған іскер башы Тілес Боқаев деген абзал азаматтың ерен еңбегінің арқасы екен» - деп ағамыздың бұл өтініш-тапсырмасын берік ұстанып өттік.

Жалпы, қайсыбір өрсеі биік өркенді елдің мықтылығы оның дәулеті мен рухына байлығында ғой. Тілес аға туған жеріміз – Арал ауданының дәулеті мен қатар өнерін өркендетуге өз үлесін қосты.

етеді. Ол комсомолец ретінде неміс фашистерін жоюға бар күш-жігерін аямауда. Хамит полктағы таңдаулы пүлеметчик.

Жаппасбаев жолдас 50-ден астам неміс басқыншыларының көзін жайып, 5-ін тұтқында алды.

Сіздің балаңыз комсомолец Жаппасбаевтың ерлік істері жайлы әлі де көп

жазуға болар еді. «Ерлігі үшін» медалі мен үшінші дәрежелі «Данк» ордені соның айғағы.

Жолдас Жаксылыков! Осындай бағыт, ержүрек, тәртіпті жауынгер – бақытты совет елінің қорғаны боларлық ұлды тәрбиелеп өсіргеніңізге үлкен рахмет!

Салеммен, 18922 әскери бөлім командирінің орынбасары, майор Шумилин.

Комиссар, лейтенант Кривоно.» Бұл сарғайған хат бүгінде Жаппасбаевтар әулетінің мақтанышы болса, кейінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге екені белгілі.

Соғыстың аты соғыс. Талай боздақ-тын өмірін қиып, қаншама жас келіншекті күйеуінен, балаларды әкесінен, аналарды баласынан айырган сұрапыл зұлмат қай кезде де оңай болмаған. Хамит аға көзі тірісінде немістер салған сол лаңғың қаншалықты ауыр болғанын қинала еске алып, айтып отырады екен. Әкесі айтқан сол естеліктер бүгінде балаларының жадында сақтаулы. «Соғыстың бастапқы кезінде немістің күші басып болатын, әсіресе самолеттері көп болатын. Олар атақа жасардың

Кезінде дарынды өнер иелері, шебер домбырашылар: Ізбасар Лиясов, Жакас Шерипов, Нұрғали Сұлтанов, Әмірадин Әленов, Арзымбек Мәденинов, Өтеген Спанов, Досқожа Әлқуатовтармен бірге Аралдағы Қазанғап атындағы халық ұлт-аспаптары оркестрін ұйымдастыруға белсене араласып, атсалысты.

Мереке күндері үйіне қызметтес достары, сыйлас аға-іншілері жиналып жыр жырланып, күй тартылып думанды кешке ұласып жататын. Сондай кештерде мен де, домбырамды қолға алып қызметке кірісетімін. Тілес аға: «Айтар жарыңды сөзің пашыратпай, әй-мақамына сай түйіндеп айт. Тартар күйіңді домбыранды асығып-аптықпай өз ырғағында нақты тарт!» – деп сын айтып отыратын. Мұндай кезде марқұм Ұлжан жеземен: «Қалай десен де Мұраттан артық өнерпаз жоқ. Түбінде өнер жолында бөрінен озып шығады!» – деп дем беріп, ыңғайсыздықтан құтқарып қалатын. «Қайсыбір шығарманы орындаушыдан артық түсініп, бағалай білер Тілес ағадай пайымды, парасатты қамқоршымыз көп болса, – деп ойлаймын.

Асылы қандай бір ел басқарған абзал азаматтың өмірлік жары өзіне тең болмай, оның бастаған көші түзу, ісі өркенді болуы қиын. Тілес ағаның сан-салалы сындрлығы жолдардан сүрінбей өтіп, алып бөйгеректей жапырақ жайып, тәлім алар тұғырлы тұлғаға айналып отырғаны – сүйікті жары, марқұм Ұлжаның жарасымды жұбайлық, ұлағатты аналық еңбегінің зор болғаны шындық. Адамзаттың абалы Мұхаммед пайғамбарымыздың хадисіндегі: «Қанат – аналардың табыанының астында» деген асыл сөзі Ұлжандай аналарымызға айтылғандай.

Бас қосқан «Өмір» атты ұлы көште, Бір ұрпақ сағынышпен «Ұлжан» десе,

Үлгі боп қазағыма нұрын төккен, Ұлы Абайдың анасы түседі еске!

Ата-ана дәстүрінен айнымаған, Ағайын, ел-жұртына сыйлы болған. Жақсылар бірі келіп, бірі кетіп, Киелі дастарханы жылымаған.

Бүгінде ел ағасы, қадірменді ардагер Тілес Боқаевтың тағылымды өмірі мен еңбегі ариған қажырлы еңбегі ұрпаққа үлгі-өнеге дер едім.

Мұрат СЫДЫҚОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, күйші-композитор.

алдында әбден дайындалып, біраз барлап, сонан соң бомбалауға кірісетін. Бомбалап болған соң әуеден пүлеметпен атқылаушы еді. Сондай жойқын шабуылдан кейін қатарымыз едәуір селділер қалатын. Алланың құдіретімен сондай кескілескен ұрыстардан аман қалатынымызға таң қалушы едік. 2-3 атақадан аман қалғандар шапырап жағатуа тырысамыз, соны қатарымызға жаңадан қосылған жауынгерлерге де айтушы едік. Бірақ көбісі оқ қарша борағанда үрей жетегінде бас сауғалап, айтылған ескертпені есінен шығарып алады. Ондайда жау жағы қынадай қырып салушы еді» деп айтып отырады екен. Сондай бір қан құйлы ұрыста Хамит аға да ауыр жараланып қалады.

Алайда, «қырық жыл қырғын болса да, ажалда өледі» демекші, бұл жолы да аман қалып, айтыққан соң әскери қызметіне қайта кіріседі.

1945 жылы мамырда соғыс бітіп, жауынгерлерге елге оралғанымен, Хамит ағаның әскери қызметі аяқтала қоймайды. Ол кенес кезеңі қатарында Будапештте коменданатурада 1948 жылға дейін жауынгерлік міндетін өтейді. Осылайша елге үш жылдан соң ғана оралады. Елге келген соң Бибісара есімді арумен бас қосып, шапырақ көтеріп, ел қатарлы еңбек етеді. Алланың берген 4 ұл, 2 қызын қатарынан кем қылмай өсіріп, тәрбиелейді. Аймағына сыйлы, отбасына сүйкімді әке, адал жар бола білген Хамит Жапсбайұлы 1978 жылы 54 жасында өмірден озды.

Өмірі – тарих, ерлігі дастан Хамит Жапсбайұлының өзі ертерек дүние салғанымен, отбасында құдай қосқан қосағы мен ізінен ерген балалары ошақтың отын өшірмей, әке жолын жалғап келеді. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген осы болса керек.

Барлыбек БАТЫР.

Ұлттық Банк хабарлайды

2016 жылғы 4 қазаннан бастап 2006 жылғы үлгідегі номиналы 2000, 5000 және 10000 теңгелік банкноттар заңды төлем құралы болуын тоқтатты.



2619-234, 2704-585 телефондары бойынша, Қолма-қол ақшамен жұмас жүргізу басқармасына +7 (727) 259 68 14, Ұлттық Банктің Қызылорда филиалына: 27-04-78, 27-84-34 телефоны бойынша хабарласуға болады.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Қызылорда филиалы.



Қазекеннің күйкесі

дыңыз. Осы жерде көзі қаракты оқырман «Бұл қалай?» деп бас шайқап отырған шығар. Онда да есепке жүйріктері. Иә, сәл-пәл қисыннан алыстау. 1945 жылы туылған адам 2016 жылы 70-ті емес, 71-ді толтырады. Ал, біз сөз басында ол кісіні «70-ке толды» деп жар салдық. Бұл қарама-қайшылықтың себебін білгіңіз келсе, айтайық (әзіл-шыны аралас).

Қазекен бір адамдай өмірге келуін келеді, бірақ, заманның қиын кезі әсер етіп,



– Астапыралла, аманбыз, аманбыз.
– Кай жылы туылған?
– Қырық бестің күзі ғой...
– Қазір сегізге ме?
– Сегізге, сегізге...
– Қайла, сегіздегі балаға ұқсамайды.

Мен сегіздегі балаға туу туралы куәлік бере алмаймын.

– Қалқам-ау, енді қайттік? Оқуға берсек деп едік...

– Еше оқуға бергілеріңіз келеді. Жо-жөк, бере алмаймын. Қалқам-ау, енді қайттік? Оқуға берсек деп едік...
– Собақтатып қалғыміз, сол арада біраз айтас-тартыс болып, ерегістің аяғында Қазекеннің жасы бір жылға кеміп, әлгілде ғана сегізге болған жігіт «жетісегім» деп желпініп шыға келіпті. Сонымен, Қазекен документ бойынша 70-ге, «без документи» 71-дін желкесінде.

Сөз тып отырған сатиригіміз қарап жатпайтын қаламгер. Облыстағы басылымдар Қазекен қарап жата қалса, сын-сықақтан тарығып, аштан өле жазылады. Біз газет редакциясына келген бір топ өлкендері мерейлі мерекесі қарсаңында назарларыңызға ұсынғанды жөн санаймын.

Айтпақшы, жоғарыда Қазекеннің куә-кісін ерекше деген еді қой. Ерекшелігі сол – Қазекен күлес, жүргенімен күледі. Жүрек күлкі іесін мерейтойымен құттықтаймыз!

Нағымжан САУАЕВ.

ЖІГТ ПЕН КЕЛІНШЕКТІҢ АЙТЫСЫ

Астары әзіл

Келіншек: – Қай жылы көргенімде толып қапсың, Қазір суық ұрғандай солып қапсың. Жасыңда деп белгісі (!) секілді ең, Сұрау белгі (?) сияқты болып қапсың. Не болған өзіңе?

Жігіт: – Кезінде қырындап ем, көп жіктедің... Ол кезде бір нүкте емес, көп нүкте (...) едің. Леп белгісі секілді болғандықтан, Көп нүктені телміріп көп күтпедім.

Кездесем деп жүргенде тек нүктеге, Кездестім сорым қайнап көп нүктеге... Сұрау белгі сияқты болуымның, Құныс бәрі сол көп нүктеде...

Келіншек: – Қайтардым деп тұрсын-ау жауап маған, Жауабына дәл қазір жауап табам. Кісіні көзге ілмей кетіп едің, Көк мылжыңға кездессен, сауап саған!



туу туралы куәлік алудың сәті қашқан. Айтып отырмыз ғой, шығысында қырғын соғыс, аламан атты. Орысың қайсы, жапаның қайсы, адам түсініп болмайды. Әйтеуір қойдай қырылып жатқан пенделер. Сонымен, Қазекен адамдар тізіміне ілнбей шамасы сегіз жылдай жүрген-ау. Қашанғы жүре берсін, соқталдай жігітті оқуға берейін деп үлкендер мектепке апармай ма?! Апара, мұғалімдерің «Туу туралы куәлігің қайда?» деп алақандарын екі жаққа жайытты. «Шырақтарым-ау, жұрт соғыста қырылып жатқанда туып едік деп сандалып жүретін шама болды ма? Куәліктің кереті не? Туылғаны рас, мінекей, алдарыңда тұр» дейді ғой бала жетектегендер.

Айтпай-айтпай не керек, мұғалімдердің айтқаны болып, Қазекенге туу туралы куәлік алудың қам-қарекеті басталады. Ондай қағаз беретін мекеменің көк қырсық қызметкері Қазекенді көреді де, салған жерден елде жоқ бәлені бастайды.

– Анық өздеріңнің балдарыңыз ба?
– Ойбай енді, өзіміздікі болмай...
– Біреуден ұрлап-жырлағанның аман-сыздар ма?

Жігіт: – Бүгін маған жарты емес, бүгін керек! Құрбым-ау, құрдасыңа күтім керек! Миды жейтін мылжыңныңның керегі жоқ, Сәл тыныстап тоқтайтын үтір (,) керек!

Өмірдің өзінен

Пайдасын білген ақыл-ай, Тұлпар мінген мақұл-ай. «Мерседес» мініп Жарлығы, Жоламай кетті Жакыбай.

“Жаманға сәл жал бітсе, Жанына торсық байлатпас”, Деген қайран қазақтың, Айналайын, нақылы-ай!

Қу ағаш пен су ағаш

Кесілген қайың – қу ағаш, Коррупция – ну ағаш... Өршіген өрт пен жалынға, Жанбайтұғын су ағаш.

Жұмбақ – жауап

– Көкөніс емес, шөп-өнім, Кесірі қыруар көк өнім... Жасырын етіп алады, “Кәсіпкер” одан көк өнім... Бұл не?

– Адамға өтіп азары, Азып-тозып ажары, Бұның “көкнәр” емес пе, Бүгінгінің тажалы... Жатыр-ай болып осыдан, Талайлардың ажалы...

“Саунадан” кейінгі “сақина”

Аязда ішімдікті ішіп кетіп, Арақтың түсіп еді “саунасына”. Ақыры аяқ-қолы үсіп кетіп, “Сақина сатып алды сау басына”.



Икс пен Игрек

“Ірімін!” дейтін Икс, Істейтін ит іс... Қалсаитыны заңсыздық, Шетінен шикі іс...

Адал ма десек Игрек, Бұнда да бар шикілік... Құлқынның қамын ойлап жүр, Аткармай іс ігілік.

“Ғашықтық”

Болды әніне шет елдің бала ғашық, Әніне де, сәніне сана ғашық... Қалмасак жарар еді жүрдай болып, Қазақлық ғұрыптан қара басып!?

Қазыбек ӘШПРБЕКҰЛЫ.

● БРИФИНГ

ПРОБАЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ

Облыстық өңірлік коммуникациялар қызметінде облыс бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаментінің бастығы Ғанибек Отарбаевтың БАҚ өкілдеріне арналған брифингі өтті.

Өткен 9 айдың қорытындысы бойынша хабарлама жасаған департамент бастығы сотталғандар арасында тәрбие жұмыстарын жүргізудегі нәтижелерді атап өтті. Сотталған азаматтар мен тергеудегілер мекемеге келген күннен бастап психодиагностикалық кешенді тексеруден өтеді. Қорқыт ата атындағы университеттің психология кафедрасының ғылыми қызметкерлерімен бірігіп семинар-кешестер, дөңгелек үстелдер өткізуге жағдай жасалған. Жыл басынан бері сотталғандар арасында 5 рет тренинг өтті.

Сотталғандар арасында діни экстремизм, терроризм және деструктивті діни идеялардың таратылуын болдырмау және рухани демеу беру үшін діни конфессия өкілдері, ҰҚК, ІІД, ішкі саясат басқармасымен бірлескен жұмыстар атқарылады. Жоспарлы түрде өткізілген топтық дәрістердің берері мол.

Үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық байқау комиссиясы сотталғандарды адамгершілік бағытына тәрбиелеу, бостандыққа шыққан соң әртүрлі жұп қалықтардан сақтандыру үшін әртүрлі тақырыптарда дәрістер өткізді. Мекемелерде ұсталатын сотталған азаматтардың да ішкі тәртіп ережесін бұзуы 22 пайызға төмендеді. Қоныс колониясында, қатаң режимдегі тү-

зеу мекемелерінде орта білімі жоқ сотталған азаматтарға арналған жалпы білім беретін мектептер жұмыс жасайды. Өткен оқу жылының IV тоқсанында жалпы білім алуға 42 адам ниет білдірген.

Қазіргі ізгілендіру бастамасы жаза басып, жаңылған адамдарды дұрыс жолға бағыттауды көздейді. Қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінде жаза өтеушілерді шартты түрде мерзімінен бұрын босату, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру қолданылады. Сотталғандарды түзеудің бұл әдісі нәтижесін беріп отыр.

Қызылордадағы түзету мекемелеріне кәсіпкерлерді көптеп тартудың арқасында еңбекке ұмтылушылар саны күн санап артқан. Мәселен, облыс орталығындағы ЗК-169/4 мекемесіндегі 50-ге жуық сотталушының көбі кіріпші зауытында тер төгіп, күніне 10 мың дана кесек құяды.

Түрме реформасының “Сотталғандарды жұмыспен қамту-2017” екінші форумының мақсаты жұмысқа жарамды сотталған азаматтардың 75 пайызын жұмыспен қамту болып отыр. Түзеу мекемелерінің өндірістік аймағынан 10 кәсіпкер өз кәсіптерін ашып, онда 196 сотталған азамат жұмысқа орналастырылды.

Облыстық прокуратурамен бірлесіп ұйымдастырылған “Түрмедегілердің санын азайтудың 10 іс-шарасы”, “Сотталғандарды жұмыспен қамту-2017”, “Қайта әлеуметтендіру: “Сен қоғамға керексіз” түрме реформалары аясында өңірлік форум өткізілді. Форумға жергілікті атқарушы органдар, үкіметтік емес ұйымдар және кәсіпкерлер қатысты. Форум аясында сотталғандардың қолдарынан шыққан

өнімдер көрмесі ұсынылды.

Сотталғандарды қайта даярлау мақсатында қауіпсіздігі барынша жоғары ЗК-169/5 мекемесінде жазасын өтеушілерге техникалық және кәсіптік білім беру жұмыстары жолға қойылған. Қызылорда политехникалық колледжі және Қызылорда құрылыс және бизнес колледжімен келісім-шарт жасалып, 50 жазасын өтеуші “Тазбен және электрмен пісіруші”, “Ағаш ұстасы” мамандықтары бойынша білім алуға.

Еліміздегі қылмыстық саясат тұжырымдамасының негізгі бағыттарының бірі – пробациялық бақылау. Облыстық пробация қызметі сотталғандарды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрін атқару, есепте тұрған тұлғалар арасындағы қылмыстардың және басқа да заң бұзушылықтардың алдын алу, жазаны өтеуден бас тартқан сотталғандарды ізестіру жұмыстары бойынша ауқымды істер атқарады.

Пробация қызметтерінің есебінен қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес 1762 сотталған азамат өткен. Жаңадан қабылданған Қылмыстық және Қылмыстық атқару кодекстерінде пробациялық бақылау және бас бостандығынан айыру орындарынан әкімшілік қадағалау белгіленіп, босатылған адмдардың әлеуметтік-құқықтық көмек алуына жәрдем көрсету көзделген. Әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету мәселелері жергілікті әкімдіктер жанындағы консультативтік-көмекші органдардың отырыстарында талқыланып, сотталғандарға тиісті көмектер көрсетілуде.

М.МЕРЕЙ.

Бағаны негізсіз өсіруге жол берілмейді

Көпшілікке белгілі елімізде дизель отынының бағасы мемлекетпен реттеліп келді. Яғни, 2012 жылдан бергі бекітілген дизель отынының бөлшек саудадағы шекті бағасы 99 теңгені (1 литрі) құрады. Осыған сәйкес, ағымдағы жылдың қантар-тамыз айлары кезеңінде Қызылорда облысында бөлшек саудада дизель отынының орташа сатылу бағасы 95-99 теңге (1 литрі) аралығында қалыптасты.

Ал, тамыз айында дизель отынының құнын мемлекеттік реттеуді алып тастау туралы шешім қабылданып, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2016 жылғы 3 тамыздағы № 351 бұйрығына сәйкес дизель отынының құнын реттеу тоқтатылды. Яғни, дизель отынының бағасы еркін айналымға жіберілді.

Осыған сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті ағымдағы жылдың тамыз айының басында дизель отынын көтерме және бөлшек өткізу қызметін жүзеге асыратын нарық субъектілеріне бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы түсіндіру мақсатында жиналыс өткізді.

Ағымдағы жылдың тамыз айының басында 1 литр дизель отынының орташа бағасы 100,8 теңгені, қыркүйек айының басында 112,7 теңгені, ал 12 қазан айында 122,6 теңгенегі құрап, ағымдағы жыл басымен салыстырғанда дизель отынының сатылу бағасы орташа есеппен 26,4 пайызға дейін өсті.

Осы ретте, Департаментпен өңірде дизель отынының бағасы негізді/негізсіз өскендігін анықтау мақсатында талдау жұмыстары жүргізіліп, дизель отынын бөлшек өткізу қызметін

жүзеге асыратын нарық субъектілерінің мәліметін зерделеу барысында, кейбір нарық субъектілерінің іс-әрекеттерінде бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекет белгілері байқалды.

Осыған орай, Департаментпен дизель отынын бөлшек саудада өткізу қызметімен айналысатын нарық субъектілеріне қатысты Қазақстан Республикасы бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуына тергеу-тексеру жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, мәліметтерді зерделеу барысында ағымдағы жылдың 8 тамызынан бастап дизель отынының негізгі көтерме жабдықтаушылары да бағаны өсіргендігі анықталып отыр.

Яғни, дизель отынының бағасын өсірген кейбір бөлшек өткізуші нарық субъектілері, кезінде арзан бағамен сатып алған көлеммен дизель отыны қалдықтары болмай, дизель отынын көтерме жабдықтаушылардан алдыңғы бағаға қарағанда қымбат сатып алуларына байланысты өздерінің шығындарына сәйкес негізді өсірген.

Осыған сәйкес, Департаментпен қазіргі таңда бәсекелестікті қорғау саласында Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзушылық белгілерін анықтау үшін дизель отынын көтерме өткізу қызметін жүзеге асыратын нарық субъектілерімен берілген мәліметтер зерделенуде.

**ҚР Ұлттық экономика министрлігі
Табиғи монополияларды реттеу және
бәсекелестікті қорғау комитетінің
Қызылорда облысы бойынша департаменті.**

«Сыр бойы»,
«Кызылординские
вести», «Ақмешіт
апталығы», «Ақмешіт
жастары» және
ауданның барлық
басылымдарына
хабарландыру
орналастырғыңыз
келсе:
**70-00-49,
70-00-52**
телефондары
арқылы байланысуға
болады.
E-mail:
smjarnama@mail.ru

САҒЫНДЫҚ, ӘКЕ, ӨЗІңДІ

Адам баласы талбесіктен жер бесікке жеткенше тәңірдің сыйлаған өмірінде өзіндік ізін, бітім-болмысын, ылім-білімін ұрпағына мәңгілік үлгі өнеге етіп қалдыруды армандап, сол жолда тынымсыз тірлік кешіп өтеді екен. Әкеміздің бойынан, жүріс-тұрысынан, сөзінен, әрбір қимылынан біз осы қасиеттерді көріп-біліп, бойымызға сіңіріп, ойымызға тоқып отырушы едік.

Сол ардақ тұтар асқар тау, алып бәйтерек, әулеттің ақылшысы, отбасының тірегі, Жалағаш ауданының ардақ тұтар ардагері, ҚР Денсаулық сақтау саласының үздігі Шынтас Әлібаев үстіміздегі жылдың 13 қыркүйегінде 79 жасқа қараған шағында өмірден озды.


Әкеміз Шынтас 1937 жылдың 11 желтоқсанында Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қожабақы елді мекенінде дүниеге келген. 1959-1965 жылдары Семей қаласындағы медициналық институтын бітіріп, хирург мамандығын алып шықты. Еңбек жолын 1965 жылы Жалағаш аудандық орталық аурухана-сызда хирург-травматолог маманы болып бастаған. 1972-1974 жылдары Қызылорда медициналық училищесі филиалының директоры, 1974-2014 жылдары орталық аурухана мен емханада хирург дәрігері қызметін үздіксіз атқарып құрметті зейнет демалысына шықты. Медицина саласында атқарған еңбегі бағаланып, 2013 жылы «Қазақстан Республикасының облыстық сақтау ісінің үздігі» медалімен, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, облыстық денсаулық сақтау басқармасымен, аудан әкімінің Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттарымен марапатталған.

Әкеміз Шынтас ақыл-парасатымен және мейірімділігімен ұжымды біріктіріп, дәрігер ретінде жастарды тәрбиеге баулып, тәжірибесі мол ұстаз-дәрігер бола білді. Анамыз Айбаршамен әкеміз мағыналы гүмбір кешіп, 2 ұл, 3 қызды тәрбиелеп, немере-шөбере сүйген отбасымыздың ардақтысы еді. Шекесті қамқорлығымен жүрегімізге ұялаған жарқын бейнесі күн өткен сайын санамызға сағыншыты қаттатып, асқақтап барады. Артыңызда қалған біздердің қолымыздан келері рухыңызға арнап құран бағыштау.

Жатқан жеріңіз жайлы, иманыңыз жолдас болсын. Әкеміз Шынтас Әлібаевтың қонақсызсы 2016 жылдың 21 қазанында сағат 16.00-де, қыркы 22 қазан күні сағат 11.00-де Жалағаш ауданы А.Бисенов көшесі №1 үйде болатынын хабарлай отырып, аяғын-туыс, құда-жекжаттарды қасиетті құранның ішінде болуға шақырамыз.

Еске алушылар: Әлібаевтар әулеті.

ЖАРҚ ЕТІП ӨТТІ-АУ ЖАСЫНДАЙ



Сүйікті ұл, ардақты бауыр, Еспапов Әуелбек Мәуленұлы тірі болғанда 18 қазанда 25 жасқа толып, баршаңызды қуантқан болар еді. Жалғандүниеде ай десеңші. Сұм ажалға не шара, шаңырағымыздың шаттығы, ардақты да асылымыз Әуелбек Мәуленұлынан 2014 жылдың 19 маусымында қапияда айырылып қала бердік. Ұлымыз Әуелбек 1991 жылдың 18 қазанында Жалағаш кентінде дүниеге келген. Азамат болып, білім алып еңбекке араласты. Үнемі күлімдеп жүретін, жүрегі мейірімге толы, ешкімнен көмегін аямайтын құлынымның алдына қойған арман-мақсаттары көп еді. Амал қанша, жаз-

мыштың жазуына еріксіз мойынсұнсақта, аяулы азаматымыздың тірліктегі жасаған ісі, айтқан сөзі еске түскен сайын жүрегімізге мұң ұялайды. Өрімдей-ен, аяқталмай арманың, Өкінішті ерте кетіп қалғаның. Тірі болса тойлар едік, әттен-ай, 25 жасқа бүгін толғанын.

Мұң-сағыныш жүрегімізді жаныштап, Әр жыл сайын шегінесің алыстап. Отырамыз, жазмышқа амал жоқ. Еске алып, дұғамызды бағыштап.

Біздер көндік, маңдайға Алла жазғасын, Алдың жарық, иман болсын жолдасын. Көрмей кеткен қызығын мен жасынды, Артыңдағы тілеулестерің жалғасын.

Еске алушылар: ата-анасы, бауырлары, Еспаповтар әулеті.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 11 қазан 2016 жылғы ұйғарымымен «ҚЫЗЫЛОРДА-ЭлектроСетьСтрой» ЖШС-на оңалту рәсімі қозғалды. Кредиторлардың талап-тілектері мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Өйтеке би көшесі, 29 үй.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Исабекұлы Мұсабектің атына Қызылорда облысы, шиелі ауданындағы №127 Ш.Әулиханов атындағы орта мектеп-лицейінің 9 сыныбын 2015 жылы бітіргені жөнінде берілген №1377058 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесі ұжымы ұйымдастырушылық-құқықтық бөлімінің маман-әдіскері Сайлауқызы Айнұрға анасы **Абдуллаева Райхан Сүлейменқызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. *** «Сыр медиа» ЖШС ұжымы Шиелі аудандық «Өскен өңір» газетінің бас маманы Күләш Мырзаеваға анасы **Үлбосын Тасыбекқызының және сіңілі Нұрсұлт Жұмабекқызының** қайтыс болуларына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ЕМЕС ТАҒАРЛАР БАҒАСЫ ТҰРАҚТЫ

Қызылорда облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы қала және аудандық деңгейде халық тұрмысына аса қажетті азық-түлік емес тауарлардың бағаларына күнделікті мониторинг жүргізуде. Осы жылдың 6 қазанындағы мониторинг қорытындысы бойынша облысымыздағы сауда орындарында азық-түлік емес тауарларға ең төмен бағалар бекітілген.

Қытылорда. «Анвар» сауда үйінде кір сабын 56, ұнтақ 219, сабынсу 337, ііс сабын 75 теңгелен сатылып жатыр. «Талғат» базарында маталардың барлық түрінен тігілген әйелдердің көйлегі 5000, балаларға арналған аяқ киім 2250 теңгелен. «Сыбаға» базарында әйелдерге арналған аяқ киім 7000, ерлердің маусымдық аяқ киімдері 5000 теңгелен. «Ұлдана» базарында әк 70 теңгені құрайды. «Технодом» сауда үйінде телелидар 60000, шапсорғыш 13000, тоназытқыш 102000 теңге. «Гатыран» сауда үйінде дәптер 10, қаламсап 15 теңгелен сатылуға. Айта кетсек, «Айтбек», «Жайна», «Ажжан» базарларында 20-30 пайыз арасында және «Жібек Жолы» сауда ойын-сауық орталығында 10-40 пайыз арасында жеңілдіктер жасалады.

Жалағаш. «Ақниет» сауда дүкенінде кір сабын 80, ұнтақ 257, сабын су 335, ал тоназытқыш 55000, телелидар 32000, шаң сорғыш 22000 теңгелен сатылып жатыр. «Нартай» сауда дүкенінде әк 80 теңгелен ұсынылуға. «Аль-Асад» сауда дүкенінде сабынсу 245 теңгелен. «Мөлідрі» канцеляриялық тауарлар дүкенінде дәптер 10, қаламсап 15 теңгелен сатылуға. «Ырыс» сауда үйінде ерлердің маусымдық аяқ киімдері 5000, әйелдер маусымдық аяқ киімдері 3500, балаларға арналған аяқ киімдер 2500, ерлер шалбары 5000, маталардың барлық түрінен тігілген әйелдердің көйлегі 3500 теңгелен.

Қармақшы. «Молшылық» құрылыс

дүкенінде 1 қап әк 1000 теңгені құрайды. «Сұлтан» сауда дүкенінде кір сабын 70, ұнтақ 250 теңгелен, сабынсу 250 теңгелен сатылып жатыр. «Алдина» киімдер дүкенінде ерлердің шалбары 4000, маусымдық аяқ киімі 6000, маталардың барлық түрінен тігілген қыздардың көйлегі 5000, әйелдердің қысқы-жазғы аяқ киімі 6000, балаларға арналған аяқ киімі 3000 теңгелен халыққа ұсынылуға. «Эльдорадо» дүкенінде тоназытқыш 60500, телидилар 55000, шапсорғыш 12000 теңгелен сатылып жатыр. «Ұлар» канцеляриялық тауарлар дүкенінде дәптер 12, қаламсап 15 теңгелен.

Жанақорған. «Қаусар» дүкенінде сабынсу 180 теңгелен сатылуға. «Нұр» базарында шапсорғыш 12000, әйелдер қысқы-жазғы аяқ киімдері орташа бағамен 3000, ерлер шалбары 3000, балаларға арналған аяқ киім орташа бағамен 1000, ерлерге арналған аяқ киім 1250 теңгеге орташа бағамен, әйелдерге арналған маталардың барлық түрінен тігілген көйлектер 3500, әк 50, кір сабын 50, ұнтақ 130 теңгелен халыққа ұсынылуға. «Береке» сауда үйінде телелидар 55000, тоназытқыш 55000 теңгені құрайды.

Арал. «Ілтипат» тұрмысқа қажетті заттар дүкенінде ұнтақ 100, сабынсу 250, кір сабын 55 теңгелен сатылып жатыр. «Технодом» сауда үйінде тоназытқыш 50000, шапсорғыш 15000 теңгелен сатылып жатыр. «Аружан» сауда үйінде балаларға арналған аяқ киім 2300 теңге. Ерлерге арналған аяқ киім «Би-би» сауда үйінде 3000 теңгелен халыққа ұсынылуға. «Алтынбай» сауда үйінде маталардың барлық түрінен тігілген қыздардың көйлегі 2500, әйелдерге арналған аяқ киім 3000 теңгені құрайды. «Дархан» сауда үйінде ерлер шалбары 4300 теңгелен сатылып жатыр. «Қапағат» коммунальдық базарында әк 100, дәптер 10, қалам 15 теңгелен ұсынылуға. Ал, «Алсер» сауда үйінде телелидар 53000 теңгелен.

Қазалы. «Арзан» базарында кір сабын

50, сабын су 100, ұнтақ 150 теңгелен сатылып жатыр. «Орын-Ай» базарында балаларға арналған аяқ киім 1000 теңгелен халыққа ұсынылуға. «Динар» сауда үйінде дәптер 15, ал қаламсап 20 теңгелен сатылуға. «Мұсаев» базарында ерлер аяқ киімі 2500, әр түрлі матадан тігілген көйлектер 2000, әйелдерге арналған аяқ киім 2000, ерлер шалбары 2500 теңгені құрайды. «Электрон» сауда үйінде тоназытқыш 28000, телидилар 38000 теңгелен сатылуға. «Қазақстан» сауда үйінде шапсорғыш 7000 теңгелен сатылып жатыр. «Ырыс-Болашақ» базарында әк 90 теңгелен.

Шиелі. «Ермат» дүкенінде телелидар 30000, шапсорғыш 12000, тоназытқыш 40000 теңгені құрайды. Орталық базарыда дәптер 8, қалам 15 теңгелен сатылып жатыр, ал ерлердің маусымдық аяқ киімдері 4500, әйелдер маусымдық аяқ киімдері орташа бағамен2000, балаларғаарналған аяқ киімдер 2000, ерлер шалбары 3500, маталардың барлық түрінен тігілген әйелдердің көйлегі 3500 теңгелен сатылуға, кір сабын 45, кір жуатын ұнтақ 200, сабынсу 2500 теңгелен. «Нұрбер» құрылыс заттар дүкенінде әк 35 теңгелен сатылуға. Ал, «Қапағат» дүкенінде шапсорғыш 12000 теңгелен, телелидар 33 000 және тоназытқыш 58 000 теңгелен арзан бағамен ұсынылуға. «Электроника» сауда үйінде тоназытқыш 46500, телелидар 48 000, шапсорғыш 13000 теңгелен.

Сырарық. «Өрке» сауда үйінде кір сабын 70, ұнтақ 200, сабынсу 300 теңгелен сатылып жатыр. «Думан» сауда үйінде ерлердің маусымдық аяқ киімдері 5000, әйелдер маусымдық аяқ киімдері 4500, балаларға арналған аяқ киімдер 3000, ерлер шалбары 5000, маталардың барлық түрінен тігілген әйелдердің көйлегі 3000 теңгелен. «Серікбол» сауда үйінде телелидар 55000, шапсорғыш 10000, тоназытқыш 70000 теңгені құрайды. «Жазира» дүкенінде дәптер 8, қаламсап 15, әк 45 теңгелен сатылып жатыр.

